

FATCA / CRS субъектісіне арналған өздігінен растау пішініне кіріспе

ЖАЛҒАСТЫРМАС БҰРЫН ОСЫ БЕТТІ ТОЛЫҒЫМЕН ОҚЫП ШЫҒУ МАҢЫЗДЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ОСЫ ПІШІНДІ FATCA НЕМЕСЕ CRS (НАҚТЫ ЖАҒДАЙҒА ҚАРАЙ) ҮШІН НЕМЕСЕ FATCA ҮШІН ДЕ, CRS ҮШІН ДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ.

Бұл пішінді мына жағдайларда пайдалануыңызға болады: егер Сіз АҚШ-тан тыс елдерде, соның ішінде 1-ші және 2-ші үлгі бойынша есеп беру әдісі қолданылатын барлық елдерде немесе аумақтарда және үкіметаралық шарттармен қамтылмаған елдерде немесе аумақтарда тек депозиттік шотқа ие болған белсенді ҚЕШС, акциялары биржада сатылатын ҚЕШС немесе акциялары биржада сатылатын ҚЕШС-тің бөлімшесі болсаңыз. Осы беттің түбіндегі анықтамаларды қарауыңызды өтінеміз.

Бұл пішінді мына жағдайларда пайдалануыңызға болмайды:

- Егер субъект есепке алынбайтын субъект, серіктестік немесе АҚШ-тағы салық салу мақсаттары үшін қаржылық түрде мөлдір басқа субъект болса.
- Егер FATCA бойынша Сіз келесі салық мәртебелерінің кез келгеніне ие болсаңыз: бағалы қағаздарды сақтауға арналған қамқоршылық шотқа ие белсенді ҚЕШС, пассивті ҚЕШС, қатыспаушы ШҚМ, қатысушы ШҚМ, 1-ші үлгі бойынша есеп беретін ШҚМ немесе АҚШ-тық субъект, немесе
- Банк шоты АҚШ-та болса.

Егер Сіз тиісті өлшемшарттарға сәйкес келмей, осы пішінді толтыруға лайықты болмасаңыз, АҚШ мемлекеттік салық қызметінің [IRS] салық пішінін және (немесе) CRS құжаттарын толтыруға жәрдем беретін келесі онлайндық құралдарды пайдаланыңыз.

FATCA : <https://ew802.fatcacompliance.com/EW8LiteCiti1> мекенжайында орналасқан веб-сайтқа кіріп, мына тіркеу кодын пайдаланыңыз: **UD95K5**

CRS : <https://ew802.fatcacompliance.com/ECRSLiteTTS/> мекенжайында орналасқан веб-сайтқа кіріп, мына тіркеу кодын пайдаланыңыз: **crs2484**

Анықтамалар		
ҚЕШС		Қаржылық емес шетелдік субъект – қаржылық мекеме болып табылмайтын АҚШ-тық емес субъект.
Белсенді ҚЕШС	Бұл пішінді пайдалануы мүмкін	Субъект – АҚШ-пен қолданыстағы үкіметаралық шарты бар елде резидент болып табылатын ҚЕШС, сондай-ақ келесі өлшемшарттардың кез келгеніне сәйкес келетін субъект болып табылады: ҚЕШС-тің бұрынғы күнтізбелік жылдағы немесе басқа тиісті есеп беру кезеңіндегі жалпы табысының 50 пайызынан аспайтын бөлігі пассивті табыс болып табылады, ал ҚЕШС бұрынғы күнтізбелік жылда немесе басқа тиісті есеп беру кезеңінде ұстаған активтарының 50 пайызынан аспайтын бөлігі пассивті табысты келтіретін немесе пассивті табысты келтіру үшін ұсталатын активтер болып табылады.
Акциялары биржада сатылатын ҚЕШС немесе акциялары биржада сатылатын ҚЕШС-тің бөлімшесі		Субъект – қаржылық мекеме болып табылмайтын АҚШ-тық емес корпорация; және <ul style="list-style-type: none"> • осындай корпорацияның акциялары жүйелі түрде бір немесе бірнеше жалпы танылған бағалы қағаздар нарығында сатылады; немесе • субъект акциялары жүйелі түрде бір немесе бірнеше жалпы танылған бағалы қағаздар нарығында сатылатын субъектке тектес болып табылады (мәселен, бір кеңейтілген үлестес топтың мүшесі).
Пассивті ҚЕШС		Субъект – қаржылық мекеме болып табылмайтын АҚШ-тық емес субъект, сондай-ақ ол белсенді ҚЕШС болып есептелмейді.
ШҚМ	Бұл пішінді пайдалануына болмайды	Қамқоршылық мекеме, депозиттік мекеме, инвестициялық субъект, нақты көрсетілген сақтандыру компаниясы, тиісті холдингтік компания немесе қазынашылық қызметтерін көрсетуші компания.
Қатыспаушы ШҚМ		Қатыспаушы ШҚМ – қатысушы ШҚМ болып табылмайтын шетелдік қаржылық мекеме, 1-ші үлгі бойынша есеп беретін ШҚМ, 2-ші үлгі бойынша есеп беретін ШҚМ, заңның талаптарына сәйкес келеді деп есептелетін ШҚМ, немесе заңдардың талаптарын орындаудан босатылған бенефициар-меншіктенуші.

Қосымша егжей-тегжейлі ақпаратты мына жерден табуға болады: <https://www.citibank.com/tts/sa/taxinitiatives/docs/FATCA-CRS-Self-certification-Guidelines.pdf>

FATCA / CRS субъектісіне арналған өздігінен растау пішіні

АҚШ-тан тыс елдерде тек депозиттік шотқа ие белсенді ҚЕШС, акциялары биржада сатылатын ҚЕШС немесе акциялары биржада сатылатын субъектінің ҚЕШС бөлімшесі тарапынан пайдаланылуға арналған

1-ші және 2-ші үлгі бойынша есеп беру әдістері қолданылатын және үкіметаралық шарттармен қамтылмаған елдер немесе аумақтарда ашылған шоттарға арналған

Мемлекеттік органдарының «Шетелдік шоттар бойынша салық есептемесі туралы» заң (FATCA) және «Жалпы есеп беру стандарты» (CRS) бойынша салық ақпаратын хабарлау туралы талаптарын орындау үшін, Citi әрбір шот иесінен салық резиденттігі және салықтық сыныптама бойынша мәртебесіне қатысты белгілі ақпаратты алуы тиіс. Кейбір жағдайларда Citi осы ақпаратты тиісті салық органдарымен бөлісуге тиіс болуы мүмкін.

Осы Пішінді толтырып, оған қол қою арқылы Сіз субъектінің табыс/активтер себебінен белсенді қаржылық емес шетелдік субъект (белсенді ҚЕШС), акциялары биржада сатылатын ҚЕШС немесе акциялары биржада сатылатын корпорацияға тектес ҚЕШС болып табылатынын және оның АҚШ-тан тыс елдерде тек депозиттік шотқа ие болғанын өз бетіңізбен растайсыз. Егер субъектінің FATCA бойынша мәртебесін анықтау үшін немесе осы Пішінді толтыру үшін жәрдем қажет болса, салық немесе заң кеңесшіңізбен байланысыңыз.

1-бөлім – Субъект/ұйым туралы мәліметтер

1. Субъектінің немесе ұйымның аты	
2. Қай елде құрылған немесе ұйымдастырылған	
3. АҚШ-тың Салық төлеушінің сәйкестендіруші нөмірі (СТСН) (немесе АҚШ-тың СТСН нөмірі жоқ болған жағдайда – шетелдік СТСН)	
4. Тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы (абоненттік пошта жәшігінің нөмірін немесе корреспонденцияны адресатқа қайта жіберетін үшінші тараптың мекенжайын (тіркелген мекенжайдан өзгеше) жазбаңыз).	
5. Ел	6. Пошта индексі
7. Пошталық жөнелтімдерге арналған мекенжай (егер жоғарыда көрсетілген мекенжайдан өзгеше болса)	
8. Ел	9. Пошта индексі
10. Салық салу мақсатындағы резиденттік елі және тиісті салық төлеушінің сәйкестендіруші нөмірі (СТСН) немесе баламасы	

Шот иесінің салық салу мақсатындағы резиденттік елін немесе елдерін (яғни, субъект табыс салығын алу мақсатында елдің резиденті болып есептелетін ел) және Шот иесінің әрбір көрсетілген елдегі СТСН нөмірін (егер болса) көрсетіп, төмендегі кестені толтырыңыз. Егер Шот иесі үштен көп елде салық резиденті болса, бөлек парақ пайдаланыңыз. Егер Шот иесі ешқандай ел немесе аумақта салық резиденті болмаса (мәселен, ол қаржылық түрде мөлдір болғандықтан), қажетті IRS және (немесе) CRS құжаттарын толтыруға жәрдем беретін келесі онлайндық құралдарды пайдаланыңыз.

Егер СТСН нөмірі жоқ болса, төменде сипатталған тиісті «А», «В» немесе «С» атты себепті көрсетіңіз:

FATCA : https://ew802.fatcacompliance.com/EW8LiteCiti1 мекенжайында орналасқан веб-сайтқа кіріп, мына тіркеу кодын пайдаланыңыз: UD95KŞ	CRS : https://ew802.fatcacompliance.com/ECRSLiteTTS/ мекенжайында орналасқан веб-сайтқа кіріп, мына тіркеу кодын пайдаланыңыз: crs2484
---	--

«А» себебі — Шот иесі салық төлеуі тиіс ел өз резиденттеріне СТСН нөмірлерін бермейді

«В» себебі — Шот иесі СТСН нөмірін немесе баламасын ала алмай отыр (егер осы себеп таңдалатын болса, Шот иесі не себептен СТСН нөмірін ала алмай отырғандығын түсіндіріп беріңіз)

«С» себебі — СТСН нөмірі қажет емес, себебі СТСН нөмірін берген, салық резиденттігі болып табылатын ел немесе аумақ қаржылық мекемелерден СТСН нөмірін жазып алып, хабарлауды талап етпейді

Салық салу мақсатындағы резиденттік ел	СТСН	СТСН жоқ болса, «А», «В» немесе «С» себебін таңдаңыз
1		<input type="checkbox"/> «А» себебі <input type="checkbox"/> «В» себебі <input type="checkbox"/> «С» себебі
2		<input type="checkbox"/> «А» себебі <input type="checkbox"/> «В» себебі <input type="checkbox"/> «С» себебі
3		<input type="checkbox"/> «А» себебі <input type="checkbox"/> «В» себебі <input type="checkbox"/> «С» себебі

FATCA / CRS субъектісіне арналған өздігінен растау пішіні

Жоғарыда «В» себебін таңдаған болсаңыз, төмендегі өрістерде Шот иесі не себептен CTCH нөмірін ала алмай отырғандығын түсіндіріп беріңіз.

1

2

3

2А бөлімі – FATCA бойынша мәртебесі

Төменде тиісті мәртебені таңдау арқылы субъектіңіздің FATCA бойынша мәртебесін көрсетіңіз.

Егер субъектіңіздің FATCA мәртебесі «Белсенді ҚЕШС» немесе «Акциялары биржада сатылатын ҚЕШС немесе акциялары биржада сатылатын субъектіңіздің ҚЕШС бөлімшесі» дегеннен кез келген басқа мәртебе болса, осы Пішінді толтырмауыңыз керек. IRS мекемесінің тиісті W-8 немесе W-9 пішінін (егер АҚШ-тық субъект болса) және CRS өздігінен растау пішінін толтыруыңыз керек.

Бұл пішін келесілерге арналған	Бұл пішін келесілерге арналмаған — АҚШ-тың тиісті салық пішінін және CRS өздігінен растау пішінін толтыруы тиіс
<input type="checkbox"/> Белсенді ҚЕШС (3-ші бөлімді толтырыңыз) <input type="checkbox"/> Акциялары биржада сатылатын ҚЕШС немесе акциялары биржада сатылатын субъектіңіздің ҚЕШС бөлімшесі (4-ші бөлімді толтырыңыз)	<input type="checkbox"/> Бағалы қағаздарды сақтауға арналған қамқоршылық шотқа ие белсенді ҚЕШС <input type="checkbox"/> Пассивті ҚЕШС <input type="checkbox"/> Қатыспаушы ШҚМ <input type="checkbox"/> Қатысушы ШҚМ <input type="checkbox"/> 1-ші үлгі бойынша есеп беретін ШҚМ <input type="checkbox"/> АҚШ-тық субъект Қажетті IRS және (немесе) CRS құжаттарын толтыруға жәрдем беретін келесі онлайндық құралдарды пайдаланыңыз: IRS салық пішіні https://ew802.fatcacompliance.com/EW8LiteCiti1 веб-сайтқа кіргеннен кейін мына тіркеу кодын пайдаланыңыз: UD9\$5K CRS өздігінен растау пішіні https://ew802.fatcacompliance.com/ECRSLiteTTS/ веб-сайтқа кіргеннен кейін мына тіркеу кодын пайдаланыңыз: crs2484

2В бөлімі – Бенефициар-меншіктенушінің мәртебесі

Төменде тиісті мәртебені таңдау арқылы субъектіңіздің АҚШ-тың салықтық сыныптамасы бойынша мәртебесін көрсетіңіз:

- | | | | |
|---|---|---|-------------------------------------|
| <input type="checkbox"/> Корпорация | <input type="checkbox"/> Мүліктік кешен | <input type="checkbox"/> Орталық эмиссиялық банк | <input type="checkbox"/> Жекеше қор |
| <input type="checkbox"/> Күрделі сенім қоры | <input type="checkbox"/> Үкімет | <input type="checkbox"/> Салық төлеуден босатылған ұйым | |

3-ші бөлім – Белсенді ҚЕШС

Растау

- Мен келесілерді растаймын:
- 1-ші бөлімде көрсетілген субъект – қаржылық мекеме болып табылмайтын АҚШ-тық емес субъект; **және**
 - осындай субъектіңіздің бұрынғы күнтізбелік жылдағы жалпы табысының 50 пайызынан аспайтын бөлігі пассивті табыс болып табылады; **және**
 - осындай субъект бұрынғы күнтізбелік жылда ұстаған активтерінің 50 пайызынан аспайтын бөлігі пассивті табысты келтіретін немесе пассивті табысты келтіру үшін ұсталатын активтер болып табылады (пассивті табыстың түсіндірмесін нұсқаулардан қараңыз);

FATCA / CRS субъектісіне арналған өздігінен растау пішіні

4-бөлім – Акциялары биржада сатылатын ҚЕШС немесе акциялары биржада сатылатын субъектінің ҚЕШС бөлімшесі

Растау

A. Мен келесілерді растаймын:

- 1-ші бөлімде көрсетілген субъект – қаржылық мекеме болып табылмайтын АҚШ-тық емес корпорация; және
- осындай корпорацияның акциялары жүйелі түрде бір немесе бірнеше жалпы танылған бағалы қағаздар нарығында, соның ішінде _____ (акциялары жүйелі түрде сатылатын бір бағалы қағаздар биржасының атын көрсетіңіз).

B. Мен келесілерді растаймын:

- 1-ші бөлімде көрсетілген субъект – қаржылық мекеме болып табылмайтын АҚШ-тық емес корпорация;
- 1-ші бөлімде көрсетілген субъект – акциялары жалпы танылған бағалы қағаздар нарығында жүйелі түрде сатылатын субъектке тектес болып табылатын субъект;
- Акциялары жалпы танылған бағалы қағаздар нарығында жүйелі түрде сатылатын субъектінің аты _____; және
- Акциялары жүйелі түрде сатылатын бағалы қағаздар нарығының аты _____.

5-бөлім - Ақпарат пен құжаттарды бөлісуге келісім беру

Мен Citi компаниясына кез келген тиісті салықтық немесе басқа мемлекеттік органдарға осы Пішіннің көшірмесін тікелей немесе жанама түрде беруге және осындай тарапқа Citi компаниясы иеленуі мүмкін, субъектінің осы Пішінде көрсеткен ақпаратына қатысты кез келген қосымша ақпаратты ашып беруге өкілеттік беремін.

Мен осы Пішіндегі ақпарат және Пішінге байланысты шотқа (шоттарға) немесе олардың пайдасына аударылған немесе қосылған түсімдер туралы ақпарат салықтық немесе басқа мемлекеттік органдарға жіберілуі мүмкін, ал ол тараптар бұл ақпаратты субъект салық салу мақсаттарында резидент болып табылатын елге немесе елдерге беруі мүмкін болуына өз келісімімді беремін.

Біле тұра жалған мәлімет беру үшін жауапкершілік жөнінде ескертілген болып, мен осы Өздігінен растау пішініндегі ақпаратты қарап шығып, ол, менің білуімше, шынайы, дұрыс және толық деп мәлімдеймін. Біле тұра жалған мәлімет беру үшін жауапкершілік жөнінде ескертілген болып, мен тағы келесілерді растаймын:

- Осы Өздігінен растау пішінінің 1-ші жолында көрсетілген субъект осы Пішін қатысты болған барлық табыстың бенефициар-меншіктенушісі болып табылады және осы Пішінді өз мәртебесін 4-тараудағы мақсаттарда растау үшін пайдалануда;
- Осы Өздігінен растау пішінінің 1-ші жолында көрсетілген субъект АҚШ-тық тұлға емес;
- Мен 1-ші жолда көрсетілген субъектінің атынан қол қоюға өкілеттімін.

Мен осы Өздігінен растау пішінінің 1-ші жолында көрсетілген субъект осы Пішінде расталған ақпараттың кез келген бөлігі қате болып қалған жағдайда 30 күн ішінде жаңа Өздігінен растау пішінін тапсырады деп міндеттенемін.

Қолтаңбасы:* _____

Баспа әріптермен жазылған аты-жөні: _____

Күн: _____ (КК/АА/ЖЖЖЖ)

Ескертпе: бұл пішінге кім ретінде қол қойып отырғаныңызды көрсетіңіз. Егер сенімхат негізінде қол қойып отырған болсаңыз, сенімхаттың расталған көшірмесін де қоса тіркеңіз.

Кім ретінде:* _____

Treasury and Trade Solutions
citi.com/treasuryandtradesolutions

IRS мекемесінің 230-шы нұсқауы бойынша хабарланатын ақпарат: Citigroup Inc. компаниясы және оның бөлімшелері салықтық және заңды мәселелер бойынша ақыл-кеңес бермейді. Осы материалдарда талқыланған барлық салық мәселелері (i) салық саласындағы құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктен құтылу мақсатында пайдаланылуға арналмаған немесе жазылмаған, және оларды осы мақсатта пайдалануыңызға немесе оларға сүйенуіңізге болмайды; (ii) олар осы құжатта жүзеге асыру мүмкіндігі қаралған кез келген транзакция («Транзакция») жөніндегі «жарнама немесе маркетинг» науқанына байланысты жазылған болуы мүмкін. Сондықтан, өзіңіздің нақты жағдайларыңызға қарай салық салу жөніндегі тәуелсіз кеңесшіден ақыл-кеңес сұрауыңыз керек.

Осы беттерде берілген ақпарат пен материалдар, сондай-ақ көрінетін шарттар мен сипаттамалар өзгертуге жатады. Барлық өнімдер мен қызметтер барлық географиялық аймақтарда қолжетімді емес. Белгілі өнімдер мен қызметтерді пайдалануға лайықты болуыңыз туралы үзілді-кесілді шешім Citi және (немесе) оның бөлімшелері тарапынан қабылданады. Материалдарды рұқсатсыз пайдалануға, көшірмеуеге немесе басқа тараптарға ашып беруге заңмен тыйым салынған және барлық осындай әрекеттер жауапкершілікке тартылуға әкелуі мүмкін. Citibank, N.A. компаниясы АҚШ-тың «Ұлттық банктар туралы» заңына сәйкес жауапкершілігі шектелген серіктестік ретінде құрылған, ал оның басты кеңсесі келесі мекенжайда орналасқан: 399 Park Avenue, New York, NY 10043, U.S.A.

© 2019 Citibank, N.A. Барлық құқықтар қорғалған. «Citi» сөзі және «Citi» сөзі мен аркадан құрастырылған логотип Citigroup Inc. компаниясының және оның бөлімшелерінің сауда белгісі мен қызмет көрсету белгісі болып, олар бүкіл әлемде пайдаланылады және тіркелген болып табылады.